

2«Б» сынып ата-аналары назарына

Сынып жетекші: Абдибекова Н.А

ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Құрметті ата-ана !

Елімізде соңғы уақыттағы болып жатқан төтенше жағдайларға байланысты еліміздің әрбір оқу орнындарында ел үкіметі қашықтықтан оқыту жүйесін енгізіп отыр. Ол өз балаларымызға бей жай қарамай, айтылған талаптарға сай жұмыс жасап ата-ана мен бала арасында және де мұғалім арасында тиімді қатынас орната отырып жұмыс жасау болып табылады. Және де денсаулықтарына зиян тимейтіндей , барлық сақтық шараларын сақтауларыңызды сұраймын.

Қашықтықта оқыту

Қашықтан оқыту- бұл белгілі бір қашықтықта оқыту, яғни оқытушы мен оқушы бір-бірінен кеңістікпен алшақтатылған және оқу үрдісінің барлығы немесе оның басым бөлігін қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады.

Оқушының ішкі жүйесі

1. Жанұя
2. Қолдау (мұғалім, жолдастары)
3. Ақпараттық кеңістік
4. Қызығушылық
5. Бос уақыт
6. Бұрыннан қалыптасқан еп, дағды, білік
7. Құзырлық



Коронавирус инфекциясы туралы

коронавирус – вирус инфекциясының 2019-nCoV деп аталатын жаңа типі;

жоғары тынысалу жолдарының жеңіл немесе орташа ауруына, өкпенің қабынуына, өлім-жітімге себеп болуы мүмкін;

2019 жылы Қытайдың Ухань провинциясында анықталды;

вирус басқа елдерге сапарға шыққан адамдармен бірге таралады;

коронавирус өте жылдам тарайды;

коронавирусты жұқтырғандар мен вирустан қайтыс болғандардың басым бөлігі Қытайда тіркелген;

Хубэй провинциясының 15 қаласында карантин жарияланып, тұрғындарға қаладан шығуға тыйым салынған;

індет ошағына автобус пен пойыздардың қозғалысы, ұшақ рейстері тоқтатылды;

Коронавирус белгілері:

- дене қызуының көтерілуі;
- тұмау;
- бас ауруы;
- жөтел;
- тамақ ауруы;
- әлсіздік;
- іш өту.

Профилактика шаралары:

- қол және тынысалу жолдарының гигиенасын сақтау, қолды 20 секунд бойы мұқият жуу, мұрынды изотон ерітіндімен жуу;
 - иммунитетті арттыру: дұрыс ұйықтау, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу;
 - бөлмені желдету;
 - жиі қолданылатын заттарды залалсыздандыру құралдарымен сүрту;
 - катарал құбылыстары бар тұлғалармен қарым-қатынас жасамау;
 - коронавирус жағдайы тіркелген, қауіпті аймақтарға сапарға шықпау;
 - адам көп жиналған жерлерден алшақ болу.